

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІ СӨЗДІГІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК ЫҚПАЛ

Ж.Б.Садирмекова

М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қашқари мұрасымен танысу автордың тәрбие мен білім беру мәселелерін жан-жақты қозғап, ол жайында құнды идеялар көтеріп қана қоймағанын, бұған қоса «Сөздік» түркілер наным-сенімдері, тарихи дәстүрлері, өмірлік құндылықтары мен идеалдары, өмір сүру салты жайлы мәліметтер қазынасы екендігін көрсетті. Түркілер мінез-құлқының өзіндігі, ерекшеліктері, бала тәрбиелеу дәстүрлері жөніндегі Қашқари мәліметтері аса қызығушылық туғызады.

М.Қашқари мұраларын зерттегенде қай саласын алсақ та, уақыт озған сайын құнын жоғалтпай, қайта қажеттілігі арта түсетін, рухани азығы мол қазына екеніне көзіміз жетіп отыр.

Махмұд Қашқаридың ғылыми мұрасы – тәрбие мен білім беру саласындағы процестің құрамды бөлігі және сонымен қатар қайталанбас тарихи-педагогикалық құбылыс.

Қашқарлық ғалымның «Түркі Тілдері Сөздігі» арқылы ХІ ғасырдағы түркі халықтарының тарихи этнопсихологиясы мен тарихи этнопедагогикасын жинақтаудағы қызметі атап өтуге лайық. Еңбекте түркілер дүниетанымы, құндылық бағдарлары, әдеттері мен дағдыларына қатысты фольклорлық-этнографиялық мағлұматтар келтіріліп, халықтық мінез-құлық ерекшеліктері баяндалады. Отбасындағы қарым-қатынастардың бала үшін өнегелілігі, әсіресе, ата-ананың тәрбиелік ықпалы, тәріптілікті көтермелеу, қыз балаларға тілектестік қарым-қатынас жайлы сөз болады. Балалар ойындарының түрлері, адамгершілікке, еңбекке баулудың халықтық дәстүрлері жайлы Қашқари мәліметтерінің маңызы зор. Ол ауыз әдебиетіндегі педагогикалық идеяларға алғашқылардың бірі болып назар аударды. Адалдықты, қайырымдылықты, білімділікті дәріптейтін халық көзқарасының жақтаушысы болды. Ол былай деп жазады «Жеткіз менің сөзімді білімді адамдарға, Ұрпақ өссе, естілер өмірге алаңдар ма?» Тәрбие мақсаты бұл тұжырымдамада жеткіншек ұрпақты өмірге даярлау ретінде көрінеді. Бұл балалық шақтан басталып, дене, рухани және азаматтық жетілуге дейін жалғасатын процесс. Кәмелетке жету және өз бетінше өмірге араласу Қашқари пікірінше адамның тәрбиесін тоқтатпайды, тек оған адамның қоғамдық, саяси және еңбек әрекеттерімен байланысты өзгешелік сипат береді.

Шығармада тәрбиенің әлеуметтік қызметтері, өзін-өзі тәрбиелеу, балалардың психологиялық және жас ерекшеліктері, үлкендердің тәрбиелік ролі, балалардың жан-жақты өмірі жайлы мәселелерге өзіне тән жауаптар берілген. Қашқарлық ұстаз адамның қалыптасу және дамуы үшін жағдайлар туғызу қажеттігі жөніндегі халық ойларын құптайды. Ұжымдық өмір сүрудің ғасырлық тәжірибесін сақтаған дәстүрлерге ерекше мән береді. Баланың физиологиялық және психологиялық тұрғыдан жетілуі, мінез-құлқының қалыптасуы жайлы түркілердің түсініктерімен таныстырады: «бала ширады», «сүйектері қатты», «тілі жетілді», «аяғы шықты», «ақыл-ойы толысты», «жасы жетілді», «дауысы өзгерді».

Баланың өсуі мен дамуы, оның тәрбиеленуі жәйін мына бір сөздер мен ұғымдар да нақтылай түседі «бой жету», «ержету», «шеберлену», «істе ширау» және т.с.с. Осыдан шығарып, бала өмірінің оның қарапайым көріністерінен бастап, барлық тұстары бақылауда болған деп айтуға болады. Жеткіншек ұрпақ тәрбиесі халықтық өмір салт, мекен еткен орта жағдайларына сәйкес болды. Ол белгілі бір әрекет түрлеріне енгізу процесі болатын. Ертеден қалыптасқан салт-жоралар, бәрінен бұрын инициациялар үлкен роль атқарды. Тәрбие тәжірибені үлкендердің кішілерге ауыстырып беруіне, өмір салтын сақтауға бағытталды. Оның негізгі формалары дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар болды. Қашқарлық автордың «Ел қалса да, әдет қалмас». Бұл мақал әдет-ғұрып бойынша іс істеуге шақырады - деп әдет-ғұрыптардың мінез-құлық, өмір-салт пен тұрмыстық анағұрлым тұрақты нормалары екендігіне назар аударуы осыдан. Мінез-құлық үлгілері осылар арқылы сіңірілді, олар еңбексүйгіштік, шыншылдық, тынғылықтылық және т.б. қоғамдық маңызды және пайдалы қасиеттерді тәрбиелеуге көмектесті. Қашқарлық ғұлама мақалдар мен мәтелдер, қанатты сөздер мен ғибраттар, дидактикалық сипаттағы поэзия нұсқаларының психологиялық астарларына, тәрбиелік мәніне арнайы тоқталады. Оларды көтерген тақырыбына орай жаңа мазмұнмен байытып түсіндіруге әрекет жасайды. Мәселен, солардың арасында «Әдеп басы тіл», «Білімді болғың келсе, дананың айтқанын тыңда», «Жаз еңбек етсең, қыс қуанарсың», «Айтылған сөз - атылған оқ», «Ұлық болсаң, кішік бол», «Көп сөзді ұғуға болмас, Биік шоқыны июге болмас», «Іс ыңғайына қарайды», «Кеңесті білім оңалар, кеңессіз білім бұзылар», «Тау таумен қосылмас, адам адаммен әрқашан қосылар», «Жалқауға бұлт жүк болар» - деп келетін қазіргі тілімізде өзгеріссіз дерлік қолданылып жүрген тәлімдік сөздер аз кездеспейді. Мұның өзі бір жағынан қазіргі қазақ тілінде айтылатын өнегелі пікірлердің бірқатары сонау Қашқари заманының куәгері болып табылатындығын байқатса, екіншіден, Қашқари дүниетанымы, оның тәлім-тәрбиелік ойлары, халық психологиясына енуі осы даналықтардан бастау алып жатқандығының көріністері болса керек.

Шығармада сол кезеңнің маңызды алдыңғы қатарлы ұмтылыстары анық бейнеленген. Қашқари замандастары ізімен жас ұрпақтың бойына гуманистік идеяларды қалыптастыру маңызды міндет деп санайды. Адам ақыл-ойының жан-жақты дамып, табиғат пен қоғам сырын толық ашуы мүмкін екеніне кәміл сенеді. Адамзат қол жеткізген білімдер сол не өзге халықтар үшін пайдалы деп біледі.

Түркілердің өмір салт және тәрбиенің ықпалымен қалыптасқан айқын мінез-құлық, дүниені тану жөніндегі түсініктерімен ерекшеленетінін Махмұд Қашқари әлдеқашан көрсетті. Ол былай деп жазды «Өздері әдепті, сыпайы, жасы үлкен адамдарға құрмет қылғыш, айтқан сөздерінен қайтпайтын, уәдеге берік, мақтану, тәкаппарлық дегенді білмейді. Түркі тайпалары - қаһарман, батыр ел» [1].

Даналық сөздерінде Қашқари жамандық, тойымсыздық, мейірімсіздікті қабылдамауын шебер бейнелеп, әсем тілмен жеткізеді. Сопылық ілімнің ізімен оңай олжаға, жеке бас пайдасына ұмтылатын қызметкерлерге қарсы шығады.

Тәрбие мақсаттары жайлы айта келе, Қашқари ғалымдар арасындағы пікір-таласқа қосылады. Олардың біреулері тұлғалық сапалар туа бітеді, өзгелері - олар тәрбие процесінде алынады десе, үшіншілері - әрбір адам тұлғасын оның өзі қалыптастырады деп дәлелдеуде еді. Соңғылары пікірлерін бөлісуші Қашқарлық ғалым, бұған қоса тәрбие адамның әрі қарайғы тағдырында басымдылық роль атқарады деген сенімде [2].

Махмұд Қашқари рухани ұстаздары ізімен жаңаны, дамушыны қолдады, айналадағы құбылыстарға жан-жақты нақты тарихи тұрғыдан қарау қажет деп білді. Олардың мәніне терең ой жіберуді, даму тенденцияларын бақылауды ұсынды. Мұның барлығы практикалық тәжірибе арқылы алынып қоймай, сонымен бірге арнайы білімдерге сүйенуді қажет ететіндігін дұрыс көрсетті. «Бақыттың белгісі - білім мен ақыл» - дегенде ол құбылыстың мәнін ақыл-ойдың көмегімен ұғыну жайлы идеяны дамытады. Қашқари пайымдауында дүниені танып білуге болады және таным процесі шексіз. Осындай көзқарастардың ықпалымен ғалым адамның қабілеті мен еркін жоғары қойып, ұдайы ізденіс, білім алу жолымен өзіндік жетілуге шақырады құбылыстарды танып білу әрекеті дұрыс ұйымдастырылуы қажет деп санайды.

Қашқарилық ғұлама теңдесі жоқ қазына қалдырды. Ол ақыл-ой жетістіктерін адамзат игілігіне жұмсау жайлы озық идеяны құптап қана қойған жоқ. Оны өз шығармашылығы арқылы жүзеге асыруға ұмтылды, ілгері дамытуға атсалысты.

Ғалым әрбір адам өз өлкесі жайлы жан-жақты білуі, оның тарихын, географиясын үйренуі, ана тілінің сөз байлығын игеруі міндетті деп санады. Қашқари пайымдауында халықтың тұрмысы мен әдет - ғұрпын, психологиясын, педагогикалық дәстүрлерін зерттеп білу, үйрену жеткіншек ұрпақты мәдениетке тартудың негізі. Оның «өмірді білмесең, білімнің жоғалар» - деп адамзатқа пайдалының бәрі де зерттеудің лайықты объектісі болатындығын орынды және сенімді атап көрсетуі осыдан.

Ұлы ұстаз халыққа, ұрпақтың келешекке ұмтылысына көмектесу өзінің басты мақсаты екенін шығарманың бірнеше жерінде атап көрсетеді. Қоғамдық тәжірибені игеру, бұрынғылардың ғылым-білім жетістіктерін үйренудің маңыздылығын жоғары бағалаған ойшыл ел өмірін жан-жақты зерттеді, отанының картасын құрастырды, географиялық жағдайларын зерделеді. Халықтық дамудың бірде бір саласы білімпаз назарынан тыс қалған жоқ. Оған түркілер тілін үйретіп, салтын ұстанғандар аса жақын болды. Ол өзінің атақты туындысы «Түркі Тілдерінің Сөздігінде» халық даналығындағы бүкіл ұнамдыны игеру арқылы келді.

Шығарманы оқып үйрену өскелең ұрпаққа тәрбие берудің қуатты құралы бола алатын түркілер мәдениетімен жан-жақты танысуға мүмкіндік береді. Қашқари осы мәдениетті бойына сіңірген оқымысты, ойшыл, дана ғана емес, халық мәдениеті дамуындағы көпғасырлық желіні жалғастырушы аса көрнекті тұлға, тәлімгер ұстаз. Қоғам дамуындағы ұрпақтар байланысы жалғасуында рухани мұра мен мирастық мәселесінің алатын орнын тереңнен түсінген зерттеуші. Ол былай деп жазды «Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат ат-түрк – Түркі тілдерінің жинағы» деген ат бердім».

«Түркі халықтарының көрген-білгендерін толғайтын ақын мен жыраулардан, қайғылы уа қуанышты күндерде шыққан мағынасы терең мақал-мәтелдерден мысалдар келтірдім, енді мұны пайдаланғандар кейінгілерге, олар өзінен кейінгілерге жеткізсін» [1,3].

Қашқаридың тәрбие мәселелерін қамтыған идеялары жүйесінде өміршеңдігімен көңіл аудартатын бүгінгі күні де маңызын жоймаған ойлардың енді бірқатары рухани-адамгершілік мәселелері жайында.

Автор жоғары адамгершілікті мінез-құлықты қалыптастыру тәрбие ісінің маңызды, қиын және күрделі саласы екендігін дұрыс көрсетеді. Бұл істегі жетекшілік, тәрбиелік әрекет жинақы, адамгершілік білімдерді нақты істерді көрсетуге бағыттайтындай ұйымдастырылуы қажет деп біледі. «Тәрбие басы - әдеп» дегенде халық осыған меңзеген адамгершілікке тәрбиелеу процесіне жетекшілік жасай отыра, тәрбиеленушіге жағымды ықпалдың үзілмеуін жете қадағалаған дейді автор. Және де жеткіншек ұрпақта адамгершілікті тұлға, еңбек адамы, ел мүддесін қорғаушы белгілерін қалыптастыруға ұмтылған халықтық тәжірибе жөніндегі аса мол деректерін келтіріп отырады.

Мәселен, «Ізгі Ердің сүйегі шіріп, аты қалар» - дегенде бұл сапа адамның адамгершілік тәрбиелілігі ретінде көрінсе, «Көкке түкірсе, жүсге түсер» - дегенде жаман әдеттің зиянды салдары жайлы сөз болады екен. Тәрбиенің мақсатты бағдары жас ұрпақтың жақсылыққа, ізгілікке қол жеткізуіне, оларды игеруіне бағытталғаны жөніндегі мәліметтер әрі қарай былайша жалғасқан» Ұс: жақсы мен жаманды айрып парақтау; Адз: Әз. Жақсылық белгісі, жақсы ниет, жақсы сөз; Сарсығ: дөрекі; Сарсығ сөз:дөрекі сөз. Бұл сөз қолапайсыз іс-әрекет, жүріс-тұрысқа да қолданылады— деп толықтырады автор[3].

Ғалым абыройға дақ салмауға, күмәнді ымыраласулардан бас тартуға, ұяттың әміріне қарсы шықпауға ұмтылатын халықтық дәстүрді құрмет тұтады. Ар тазалығы адам мінез-құлқында ерекше сенімділік, тұрақтылық және сабырлылық тудыратындығына сенімді. Мақалда былай деп келеді: Түзумен ұрыс, бұзықпен ұстаспа, яғни айтыссаң түзу, момын адаммен ұрыс, ол түсініп, көтереді, ұятсыз, арсыз адаммен таласып, тартыспа, ол өзінді шерменде етеді - деп толықтырады[3].

Шығармадан өзіне сол не өзге тәрбие идеалын бейнелеп қана қоймай, айқын тәрбиелік міндетті, дидактикалық мақсаттарды біріктірген мұндай материалдарды көптеп кездестіруге болады.

Тәрбие нәтижесін жас адам қалай өсіп жетілуде және ол өзі қандай деген мәселелермен байланыстырған Қашқари көзқарастары өзекті сезіледі және әрі қарай тереңдеп зерделей түсуді қажет етеді.

Сонымен, Қашқарлық ғалымның педагогикалық мұрасындағы адамгершілік тәрбиесі жайлы айтылғандарды қорытындылай келе, ол сол кезде халық педагогикасында қалыптастырған тәжірибені пайдалана отыра, адамды адамгершілікке тәрбиелеудің үйлесімді жүйесін негіздеді – деп атап өтуге болады. Бұл жүйеде жақсылық пен жамандық, шыншылдық пен жалғандық ұғымдарына талдаулар беріледі, кімді батыл, ержүрек, ізгілікті деп санауға болатыны анықталады, мінездің ұят, абырой, әділеттілік секілді сапалары арнайы атап көрсетіледі.

Автор пікірінше, кез келген тілек пен әрекетте кемшіліктер, артықшылықтар және орта шама болуы мүмкін. Бәрінен де ортасы, тепе-теңдік жақсы және пайдалы. Артықшылық сияқты кемшіліктің де шегіне бармайтын мінез-құлықтың ізгілік ретінде танылуы осыдан. Мақалда былай деп келген: «Тәрбие басы - әдеп» - деп сілтеме жасайды.

Мақалада М. Қашқаридың тәлім-тәрбиелік мұрасының әр түрлі жақтары қазіргі күн талабына үндесіп, айрықша маңыз алып толған педагогикалық идеялары талдауға алынды. Нақтылап айтсақ, адам тұлғасын тәрбиелеу, қалыптастыру жайлы көзқарастарының осы мәселе бойынша халық пікірлерімен тығыз ұштасып жатқаны сөз болды. Ғұлама ғалымның ақыл-ой мәселесіне ерекше көңіл бөлгені, білімнің адам өміріндегі маңызын дәріптеуі, ғылым негіздерін меңгеру қажеттілігіне назар аударып, оны жүзеге асырудың жолдарын көрсету жүйелі жоспарлы оқу арқылы ғана білімнің толық болатындығы; адамның мінез-құлқы, оның қоғамдағы орны; шындық пен өтірік, жақсылық пен жамандық, қарапайымдылық пен менмендік, білімділік пен надандық ұғымдарының мәнін қарастыруы, эстетикалық тәрбиеге және оның дәстүрлі халықтық әдіс-тәсілдеріне айрықша көңіл бөлінгендігі, халықтың баланы еңбекте және еңбек арқылы тәрбиелейтін дәстүрлерінің маңызы жөніндегі түйіндеген ойларына талдау жасалып, Қашқарлық ғұламаның тәрбиенің қалыптасуына тигізген ықпалы зор – деген тұжырымға келдік.

#### Әдебиет

- 2 Әлеуов Ә. Қарақалпақстанда педагогикалық ой-пікірдің дамуы.- Нөкіс, 1984.- 341 б.
- 3 Қашқари М. Түрік сөздігі («Диуани лұғат-ит-түрік»). Аударған алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған А.Қ.Егеубай. -Т.І, ІІ. - Алматы, 1997; Т.ІІІ.- Алматы, 1998.

#### Резюме

Книга М.Кашкари «Дивани лугат-ит тюрк» - неопенимый, неиссякаемый источник для исследования не только тюркского языка и литературы, но и ее истории, культуры, духовности и психологии. Этот словарь считается зеркалом тюркизма, энциклопедией тюркского мира в полном смысле этого слова. В нем собран и обобщен обширный историко-культурный, этнографический материал. Автор данной статьи делает вывод, что значение книги М.Кашкари неопенимо для будущих поколений, т.к. «Дивани лугат-ит тюрк» — памятник тюркской культуры, запечатлевший этические ценности и нормы поведения, специфическое мировосприятие тюркских народов в XI в., впитавший в себя все предшествующее наследие предков.

#### Summary

In article considers the book «Diуani lugat-it turk "of M. Kashkari - the invaluable, inexhaustible source for research not only Turks of language and literature, but also her history, culture, activity and psychology. The dictionary as a mirror turks, encyclopedia turks of the world, represents in complete sense of this word is considered. The extensive history-cultural, ethnographic material is generalized. The book of M.Kashgari has large education a heritage, considering these jobs we come to a conclusion, that his activity brings to us and future generation the large psychological and spiritual effect.

" Diуani lugat-it turk " - monument turks of culture, embodying ethical values and norms of behaviour specific worldperception turks of the peoples in XI century , absorbing in itself all previous heritage of ancestors.